

"Қазақстан" Мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 13 қаңтар 1993 ж. N 32

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан" Мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясын құру туралы" 1992 жылғы 18 қыркүйектегі N 920 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы "Қазақстан" Мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы (бұдан әрі "Қазақстан" Мемтелерадиокомпаниясы) Қазақстан Республикасының телерадиохабары мәселелері жөніндегі орталық мемлекеттік басқару органы болып табылады деп белгіленсін.

2. "Қазақстан" Мемтелерадиокомпаниясы Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі жанындағы Мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы және облыстық телерадиокомпаниялар жасаған шарттар мен контрактілерден туындайтын міндеттемелер бойынша заңды мұрагер деп есептелсін.

3. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі таратылған ұйымдардың негізгі қорларын, сондай-ақ айналымдағы және басқа қаражатын 1992 жылғы 1 қазанға дейінгі жағдай бойынша өткізетін болсын, ал "Қазақстан" Мемтелерадиокомпаниясы оны қабылдап алсын.

4. "Қазақстан" Мемтелерадиокомпаниясының орталық басқару аппаратындағы адам саны - 55, Төрағаның 4 орынбасары, оның ішінде бір бірінші орынбасары болады деп белгіленсін.

5. "Қазақстан" Мемтелерадиокомпаниясына басшылық жасау Төрағаға жүктеледі, ол хұқықтары мен міндеттері бойынша министрліктің басшысына теңестіріледі.

"Қазақстан" Мемтелерадиокомпаниясы Төрағасының лауазымы материалдық-тұрмыстық және медициналық қамсыздандыру, көлік қызметі жағынан республика министрінің лауазымына, ал Төраға орынбасарларының лауазымдары республика министрлері орынбасарларының лауазымдарына теңестірілсін.

6. "Қазақстан" Мемтелерадиокомпаниясының Төрағасына белгіленген адам саны мен еңбекақы қоры шегінде компанияның құрылымы мен штатын бекіту хұқы берілсін.

7. "Қазақстан" Мемтелерадиокомпаниясына 5 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен бірлесе отырып, 1993 жылдан бастап жыл сайын "Қазақстан" Мемтелерадиокомпаниясына кем дегенде 5 мың шаршы метр тұрғын үй

алаңының құрылысына қаражат бөлуді көздейтін болсын.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі және "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясы акционерлік қоғамына белгіленген тәртіппен "Қазақстан" Мемтелерадиокомпаниясына мемлекет мұқтаждарын қамтамасыз ету үшін қаржы және материалдық-техникалық ресурс бөлуді қарастыратын болсын.

10. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1993-1995 жылдары "Қазақстан" Мемтелерадиокомпаниясына Алматы қаласына аппарат-студия кешенінің редакциялық корпусын салуға қажетті күрделі салым бөлуді қарастырсын, ал "Алматықұрылыс" Мемлекеттік акционерлік құрылыс концерні оның 1995 жылы пайдалануға берілуін қамтамасыз етсін.

11. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1993 жылдан бастап "Қазақстан" Мемтелерадиокомпаниясының импорттық телевизия, радиохабары және кинотехнология жабдықтарын сатып алуы үшін қажет қаржы бөлуді қарастыратын болсын.

12. Алматы қаласы әкімінің "Қазақстан" Мемтелерадиокомпаниясына "Қазгидросушар" институтының үйіндегі 1-5 қабаттарды (цоколь қабатымен қоса) беру жөніндегі ұсынысы қабылдансын. <*>

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгертілді - ҚРМК-нің 1993.07.13. N 600 қаулысымен.

13. "Қазақстан" Мемтелерадиокомпаниясы бюджеттен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті анықтайтын жылдық хабар тарату көлемі мен бір сағат хабар тарату құны нормативтерін негізге ала отырып қаржыландырылады деп белгіленсін.

14. Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігінің қолданылып жүрген, сондай-ақ жаңадан енгізілетін радиотелебағдарламалар беретін және тарататын техникалық құралдары "Қазақстан" Мемтелерадиокомпаниясына басымдық негізде жалға беріледі деп белгіленсін.

15. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі мен Білім министрлігі "Қазақстан" Мемтелерадиокомпаниясымен бірлесіп Алматы қаласының жоғары және арнаулы орта оқу орындарында телережиссерлар, дыбыс режиссерларын, телеоператорлар, суретшілер даярлау туралы мәселені пысықтап, 1993 жылдың 1 наурызына дейін Министрлер Кабинетіне тиісті ұсыныстар енгізетін болсын.

16. "Қазақстан" Мемтелерадиокомпаниясының қызметкерлерін

даярлау, қайта даярлау және біліктілігін үнемі арттырып отыру мақсатында тиісті материалдық-техникалық базасы бар, тыңдаушылардың жылдық орташа контингенті 20-25 адам болатын оқу орталығы құрылсын.

17. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің
"Қазақ Мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясын құру
туралы" 1991 жылғы 31 желтоқсандағы N 819 қаулысының күші жойылды
деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК